

22 сәуір
Сейсенбі,
2025 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

АЙБОЛАТТЫҢ БАСТАМАСЫН БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІ ЕТСЕК, ҚӘНЕ!

ЖАҢА ӨНІМ – АДАЛ НИЕТТІҢ АЙҒАҒЫ. БҰЛ СӨЗ АЙБОЛАТ ЖАМАШЕВҚА ДӨЛ КЕЛЕДІ. ОЙЫЛ ӨҢІРІНІҢ ҚАРАПАЙЫМ ТҰРҒЫНЫ, КӨПБАЛАЛЫ ӨКЕ, ЕЛ ИГІЛІГІ ҮШІН ЕҢБЕКТЕНУГЕ БЕКІНГЕН АЗАМАТТЫҢ БҮГІНГІ ТІРЛІГІ КӨПКЕ ҮЛГІ.



«Ер – елінің көркі, ел – ерінің тірегі» - дейді дана халқымыз. Айболаттың ойға алған ісі де сол елге қызмет ету жолындағы шынайы талпыныстан туған. 2024 жылы ол мемлекеттік қайтарымсыз грант байқауына қатысып, қамыстан жасалатын экологиялық жылу блоктарын өндіру жобасын сәтті қорғап шықты. Табиғаттың өзінен алынған, қолжетімді әрі үнемді шикізатты көдеге жарату – болашақты ойлағанның белгісі. Қа-

мыс – халқымыздың ежелден келе жатқан құрылыс материалы. Қысқа шыдамды, жазға жайлы. Осыны білген Айболат ауылдағы үй құрылысына жаңа серпін әкелуді көздеді. Айболат үш жыл бойы тәжірибеден өткізіп, әбден зерттеген «Отқа салсаң жанбайтын, суға салсаң батпайтын» блоктарын алдымен өзі ауласында салып жатқан сарайының қабырғасына қалап, көпшілікке ұсынғысы келеді.

Жобаға 1 476 800 теңге көлемінде қаржылай қолдау көрсетілді. Бұл – үкіметтің кәсіпке ниеттенген әр азаматқа сенім білдіргені. «Жақсы істің бастауы – ниетте, жалғасы – әрекетте» - дейді атамыз. Қазіргі таңда жоба іске асыру кезеңінде. Қамысты кесіп, өңдеп, қалыпқа келтіру – оңай шаруа емес. Бірақ Айболаттың ниеті берік, сенімі көміл. Ол бұл іске отбасының ризық-несібесі ретінде емес, Ойыл жұртшылығының

қажетіне жарайтын іс деп қарайды. Осындай азаматтардың арқасында ауыл тіршілігі жанданып, кәсіпкерлік өріс алмақ. Айболаттай іскерлер көбейсе, ауылдан кету емес, ауылда қалу – мақтанышқа айналмақ. «Атқарған ісің – жұртқа өнеге, айтқан сөзің – ұрпаққа өсиет болсын» деген тілекпен, елге тілекші болар азаматтың ісіне сәттілік тілейміз!

Әділет ШАБАЙ,
Ойыл селосы.

«МЕКТЕП ОРМАНШЫЛЫҒЫ» - ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТӘРБИЕ



«Таза Қазақстан – 2025» ұлттық экологиялық бағдарламасын іске асыру мақсатында Ойыл ауданындағы білім беру мекемелерінде табиғатты қорғау бағытындағы іс-шаралар кеңінен қолға алынуда. Соның бірі негізгі мақсаты – оқушыларды табиғатты аялауға, орманды қорғауға, жасыл желекті көбейтуге тәрбиелеуді көздейтін мектеп орманшылығы.

Осы бастамалар аясында өткен сенбі күні аудан әкімі А.Қазыбаев жуырда ғана құрылған «Мектеп орманшылығы» оқушыларымен бірге тал егу жұмыстарына қатысты. Жас жеткіншектер алдында сөз сөйлеген аудан әкімі жас ұрпақтың экологиялық тәрбиесін күшейту, табиғатқа жана-шырлықпен қарауды қалыптастыру маңыздылығын атап өтті.

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЙЛАУ ТҰРАЛЫ» ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ КОНСТИТУЦИОНДЫҚ ЗАҢЫНА СӘЙКЕС АУДАНЫДЫҚ «ОЙЫЛ» ГАЗЕТІНДЕ АУЫЛДЫҚ ОКРУГТЕР ӘКІМДІГІНЕ КАНДИДАТТАРҒА БАСПАСӨЗ БЕТІНЕН ОРЫН БЕРУ ТӨЛЕМІНІҢ МӨЛШЕРІ, ШАРТТАРЫ МЕН ТӘРТІБІ ТҰРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Сайлау алдындағы үгіттік материалдарын орналастыру қара-ақ түсті орындауда 1 шаршы см құны — 300 теңге ҚҚС қоса алғанда.
 2. Үгіттік материалдарын орналастыру түрлі-түсті орындауда 1 шаршы см құны 400 теңге ҚҚС қоса алғанда
 3. Үгіттік материалдарын газеттер сайттарында орналастыру құны – жалпы сомдан 50%.
- Аудандық «Ойыл» газетінің таралымы -1422 дана.
Газеттің шығу жиілігі аптасына 1 рет:
Сейсенбі күні — D2 форматта;
4. Ауылдық округтер әкімдігіне кандидаттарға ұсынылатын мәтіндік, фото және т.б. материалына өтініш-хатпен бірге өз қолымен (әр бетке) немесе сайлауалды үгіт құжаттарына қол қою құқығына кандидаттан сенімхаты бар тұлғаның қолы қойылады. Жоғарыда көрсетілген шарттар орындалмаған жағдайда материал газеттің таяудағы шығарылымында жарияланымнан алынып тасталады.
 5. Үгіттік материалдарын газет беттерінде орналастыру «Ойыл газеті» ЖШС-ның қалауы бойынша жүзеге асырылады.
 6. Үгіттік материалдарын газеттерде жариялау үшін күтілетін жарияланым күніне дейін 3 (үш күн) күнтізбелік күннен кешіктірілмей ұсынылуы тиіс.
 7. Мақалалар WORD форматында, фотосуреттер jpeg форматында қабылданады.
 8. Жасалған шарт бойынша «Ойыл» газетінде орналастырылған үгіттік материалдары үшін ақы төлеу ұсынылған шоттың негізінде, берілген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады.
 9. Үгіттік материалдарды газетке орналастыру үшін қабылдау 2025 жылғы 27 сәуірден бастап 2025 жылғы12 мамыр күнгі сағат 12.00-ге дейін жүзеге асырылады.
- PS. Осы шарттарға Орталық сайлау комиссиясы түсіндірмелеріне сәйкес қосымшалар, өзгерістер енгізілуі мүмкін.**
Мекен-жайымыз: Ойыл ауданы, Ойыл селосы, Көкжар көшесі, 69-үй, 318-322 белмелер.

«Ойыл газеті» ЖШС-і

КӘСІПТІК БАҒДАР – ЕҢБЕККЕ ҚҰРМЕТТІҢ КҮӘСІ

ОЙЫЛ АУДАНЫНЫҢ «АТАМЕКЕН» КӘСІПКЕРЛЕР ПАЛАТАСЫНЫҢ ФИЛИАЛЫНЫҢ ДИРЕКТОРЫ ЖАСҰЛАН ЕРЖАНОВТЫҢ БАСТАМАСЫМЕН ОЙЫЛ ҚАЗАҚ ОРТА МЕКТЕБІНІҢ 10 КЛАСС ОҚУШЫЛАРЫНА ОЙЫЛДАҒЫ «ЖЫЛЫЖАЙ» КЕШЕНІНЕ АРНАЙЫ ЭКСКУРСИЯ ҰЙЫМДАСТЫРЫЛДЫ.



Экскурсия барысында бағбан-кәсіпкер Сапура Мырзағалиева отбасылық бизнестің қыр-сырын түсіндіріп, бағбандық жұмыстың бейнелі мен

табысы туралы баяндады. Оқушыларға жұмысшы мамандығының маңызын түсіндіруді көздеген кездесуде «Атамекен» кәсіпкерлер па-

латасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов кәсіпті бастау үшін мемлекет тарапынан көрсетілетін қолдау жайларын айтса, «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық кеңесінің төрағасы Серікбай Қойбағаров оқушыларға «Еңбектің наны тәтті» деген тәмсілге бірнеше мысалдар келтірді. Кездесу соңында оқушылар өздерін қызықтырған сұрақтарын қойса, Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі, оқушыларды бастап барған жетекшілері Әйтеке Хамитов та осы кездесуден біраз ой түйгенін жасырған жоқ.

Тағы бір айта кетерлігі, осының алдында Ш.Бекмұхамбетова атындағы мектеп-гимназия оқушыларымен "Жұмысшы-мерейлі мамандық" атты кездесу ұйымдастырылды. Бұл шараның да мақсаты – жастар арасында жұмысшы мамандықтарының маңыздылығын насихаттау және еңбекқорлықты дәріптеу.

ЕСКЕРТКІШ – ЕЛ ЖАДЫНДАҒЫ ЕСТЕЛІКТІҢ ІЗІ



Ескерткіш – өткеннің өнегесі, келешекке қалған аманат. 18-сәуір – Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындарды қорғау күні. Бұл күн – тарихқа тағзым, ұрпаққа ұлағат. Осы атаулы дата аясында еліміздің әр өңірінде атқарылып жатқан игі істер елдігіміздің, бірлігіміздің айғағы. Солардың бірі – «AMANAT» партиясы қолға алған «Таза бейсенбі» акциясы. Бұл бастама тек тазалыққа үндеп қана қоймайды, ол – тарихқа деген құрметті, елдің өткені

мен бүгінінің арасындағы алтын көпірді жалғайтын ізгі шара. Әсіресе, Көптоғай ауылындағы «Таза Қазақстан» акциясы көпке үлгі болды. Партияның депутаттық фракциясының жетекшісі Жангүл Ізғарина бастаған «Жастар Рухы» жастар қанатының мүшелері ауыл жастарын жұмылдырып, Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш маңын және оған іргелес саябақты тазартты. Бұл – құр тазалық емес, бұл – рухани тәрбие. «Тарихына

тас атқан – тағдырына таяқ жейді», – деген бар. Жастарға осыны ұғындыру, бойларына елге, жерге деген сүйіспеншілікті дарыту – біздің бүгінгі ұрпақ алдындағы міндетіміз. Себебі ел ертеңін ойласа, ескерткішті қорғайды. Ардагерлерге қойылған әр тас – бір тағдыр, әр белгі – бір бақытты болашақ үшін төгілген тер мен қанның күесі. Акцияға 30-ға жуық ауыл жастары қатысты. Олар тек қолдарына сыпырғы, күрек ұстап шыққан жоқ – олар жүректеріне патриотизмді, бойларына елжандылықты серік етіп шықты. Бұл – нағыз азаматтықтың көрінісі. Себебі тазалық – тек ауладан емес, адамның ішкі жан дүниесінен басталады. Ал ішкі дүниені тазартып, тарихқа тағзым еткен ел ғана болашағына сеніммен қадам басады. Ел тарихын тану – өзінді тану. Өз елінің өткенін білмей, болашағын бағамдай алмайсың. Ескерткішке көрсетілген әр құрмет – ұлттың рухани кемелденуінің бір қадамы. Біз бабалар аманатына адал бола-сақ, болашақ бізге риза болады.

ПРОКУРОР ТҰРҒЫНДАРДЫ

ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР ҰМЫТЫЛМАЙДЫ!



«Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының ұйымдастыруымен Ойыл ауданының прокуроры Ақеділ Үсенов Көптоғай ауылының тұрғындары және кәсіпкерлерімен кездесті. Кездесуге «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов пен «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық кеңесінің төрағасы Серікбай Қойбағаровтар қатысты.

Кездесу барысында алдымен аудан прокуроры Ақеділ Қайсарұлы ауыл тұрғындарының әлеуметтік тұрмысын арттыру бағытындағы қабылданған заңдар мен мемлекеттік бағдарламалардың игілігі туралы сөз етсе, тұрғындар негізінен ауылдың ортақ мәселесі – такси қыз-

меті мен мал азығының бағасы туралы көптің көкейіндегі жайттарға тоқталды. Дархан Тнеев карт ата-анасының құлағалы тұрған баспанасының жайы мен сол екі адамды бағып отырған өзіне тұрақты жұмыс қажеттігін алға тартты. Тұрғындар тарапынан айтылған мәселелерге орай Көптоғай ауылдық округінің әкімі Ерлан Асылбаев жауап берсе, кейбір сұрақтарға орай сөз алған «Атамекен» кәсіпкерлер палатасы Ойыл аудандық филиалының директоры Жасұлан Ержанов «Ауыл аманаты» бағдарламасы бойынша осы ауылдық округтегі несиесі алып, шаруасын жүргізген кәсіпкерлердің жұмыстарының жемісіне тоқталды. Кездесу соңында аудан прокуроры тұрғындарды жеке мәселелері бойынша қабылдады.

ӘКІМ САЙЛАУЫ-2025

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША ҮГІТТІК БАСПА МАТЕРИАЛДАРЫН ОРНАЛАСТЫРУ ҮШІН БӨЛІНГЕН ОРЫНДАР

№	Елді мекеннің атауы	Үгіттік баспа материалдарын орналастыру үшін орындар
1	Көптоғай ауылы	Мектеп көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Құрман орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
2	Амангелді ауылы	Бейбітшілік көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Амангелді орта мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
3	Қарасу ауылы	Алашорда көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Қарасу негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
4	Шұбарши ауылы	Ақсай көшесі (“Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі” мемлекеттік мекемесінің “Жақсыбайкөл негізгі мектебі” коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)
5	Кемер ауылы	Ботагөз-2 көшесі («Ақтөбе облысы Ойыл ауданы Саралжын ауылдық округі әкімінің аппараты» мемлекеттік мекемесі ғимаратының сол жағында)
6	Бестамақ ауылы	Аяпберген көшесі («Ақтөбе облысының білім басқармасы Ойыл ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Тайсойған негізгі мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі ғимаратының оң жағында)

ОЙЫЛ АУДАНЫ БОЙЫНША КАНДИДАТТАРҒА САЙЛАУШЫЛАРМЕН КЕЗДЕСУ ҮШІН БЕЛГІЛЕНГЕН ОРЫНДАР

№	Ауылдық округтің атауы	Кездесу үшін белгіленген орындар
	Көптоғай	Көптоғай ауылы,Қазақстан көшесі 18, Көптоғай ауылдық клубы
		Амангелді ауылы,Бейбітшілік көшесі 25, Амангелді орта мектебі
		Қарасу ауылы, Алашорда көшесі 2, Қарасу негізгі мектебі
		Шұбарши ауылы, Ақсай көшесі 19, Жақсыбайкөл негізгі мектебі
	Саралжын	Кемер ауылы, Ө.Дербісалин ат. Саралжын орта мектебі, Кеңес көшесі № 2
		Ақкемер ауылы, Жамбыл мектеп бала бақшасы, Жеткіншек көшесі №7
		Бестамақ ауылы, Тайсойған негізгі мектебі, Аяпберген көшесі №1
		Шикұдық ауылы, Теректі негізгі мектебі, Қайрат Рысқұлбеков көшесі №16
		Қоңырат ауылы, Фельдшерлік-амбулаторлық пункті, Ойыл көшесі №1

ЖАҚЫНДА АУДАН ОРТАЛЫҒЫНДА ҰЛЫ ЖЕҢІСТІҢ 80 ЖЫЛДЫҒЫНА АРНАЛҒАН «ЕР ЕСІМІ – ЕЛ ЕСІНДЕ» ЖАЛПЫ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ АКЦИЯ АЯСЫНДА «ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕНДЕР» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ТАНЫМДЫҚ ШАРАСЫ БОЛЫП ӨТТІ. БҮДАН 80 ЖЫЛ БҰРЫН АТА-БАБАЛАРЫМЫЗ МАЙДАНДА СОҒЫСЫП, ТЫЛДА ЕҢБЕК ЕТІП, ЖЕҢІС ҮШІН БАР КҮШ ЖІГЕРІН САЛДЫ. 2 МИЛЛИОНҒА ЖУЫҚ ҚАЗАҚСТАНДЫҚ СОҒЫСҚА АТТАНЫП, ОЛАРДЫҢ ЖАРТЫСЫНА ЖУЫҒЫ ОРАЛМАЙ, ЖЕҢІСТІ ЖАҚЫНДАТУҒА ӨЗ ҮЛЕСТЕРІН ҚОСЫП КЕТТІ.

Қобда арқылы соғысқа кеткен 3000-ға жуық ойылдық жауынгерлердің 858-і елге оралмай өзге жерде қаза тапты. Қанды сұрапыл соғыс тырнағын тигізбеген, ажал ауызын ашпаған отбасы болмады, бірінің әкесі, бірінің бауыры соғыстан қайтпай, артынан қаралы хабарлы қағаздар келгендер, тіпті хабар-ошарсыз кеткендер қаншама. Бірқатарының құпиясы әлі құпиятаулы. Қазіргі таңда соғыс ардагерлерінің ерліктерін, тарихын насихаттауда тарихи деректер баршылық. Дегенмен де ауылдан аман кеткен азаматтарымыздың сұрапыл соғыс соқпағындағы тағдырларындағы ақтаңдақтары да жоқ емес. Олар туралы мәліметтерді мемлекетіміз, әлкетанушылар мен зерттеушілер, ұрпақтары үміттерін үзбей түрлі деңгейдегі архивтерден іздестіруде. Сондай-ақ соңғы жылдары Ресейде тұратын Олег Ярошенко мен жерлесіміз «Ойыл ауданының құрметті азаматы» Нұрлан Жұмағалиевтің архивтерді аралап, қорларынан алынған құжаттарымен дәлелді жазбалары кірістірілген «Ойыл» соғыс жылдары кітабы мен «Ойыл» кітабының 1-2 том жинақтарын шығарылды, деректер әлі де жинақталуда.

Музей ұжымы да облыстық, аудандық архивтерден белгісіз кеткен соғыс ардагерлерінің тарихын түгендеп, жинақтап, қорды толықтыруға өлшеусіз үлес қосты. Осы салалардың қызметкерлерінің тынымсыз ізденістері мен ерекше еңбегі, орасан зор жауапкершілігі арқасында сақталып, табылған сарғайған әрбір парақ пен көне суреттер, хаттар, бейнебаяндар сарбаздар туралы талай сырларды бүгінгі күнге жеткізіп, жақын жандарының жадын жаңғыртуда. Осы орайда Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тану музейінің Қобда, Ойыл аудандарының мемлекеттік архиві, аудандық қорғаныс істері бөлімімен бір-



лесіп арнайы ардагерлер мен жастарды қатыстырып өткізген осы бір шарасы - сарбаздардың сұм соғыстағы ерлігі, қайтпас қайсарлығы мен азаматтық тұлғасынан, Отанға, елге деген сүйіспеншілігінен үлгі алуға шақырып, қилы тағдырлары туралы ресми дәйектерді табуға, толықтыруға көмектесетін танымдық тәсіл болып табылды.

Шараға аудан тұрғындары, Отан үшін от кешкен азаматтардың ұрпақтары, орталықтағы колледж, мектептердің жоғары курс, сынып оқушылары шақырылды. Шарада музейдің, Қобда, Ойыл мемлекеттік архивтері мен қорғаныс бөлімінің ауданнан аттанған солдаттар туралы қойылған жәдігерлері мен құжаттарының көрмесі ұйымдастырылды. Көрмемен Ойыл музейінің директоры Б.Т.Рысбаева, Қобда филиалының директоры Б.Ж.Зейнекешова, Ойыл филиалының директоры А.Ш.Пангереев, Ойыл ауданының қорғаныс істері жөніндегі бөлім қызметкері Л.Н.Демесинова таныстырып, жауынгерлердің жорық жолдарына тоқталып, олардың деректерін іздеу мен табу тәсілдері жайлы түсіндіріп өтті. Фашизмнің ордасы Берлинге жетіп, Рейхстағқа ту тіккен капитан Неустроев басқарған ба-

тальон құрамында жерлесіміз Құлымжан Мамедовтың болғандығы, өз азаматымыз Николай Николаевич Оноприенконың Кеңес Одағының Батыры атағын алғандығы, Шүкіров Еркін Таңатарұлының «Даңқ» орденінің толық иегері болғаны, ардагер ұстаз Алтыбаев Ораз Алтыбайұлының ҰОС-да Карельск майданында взвод командирі, рота командирінің орынбасары, кейін контрразведка «Смерш» оперативтік өкілі болып 1946 жылы батыс Германиядан елге оралғандығы, басқа жүздеген жауынгерлердің ерлік еңбектері жоғары бағаланып, жерлестеріміз орден медальдармен марапатталғаны жайлы деректер келтірілді.

Сұрапыл соғыстың зардаптарын халық ешқашан да ұмытпайды.

Оның ауыр сабақтары, солдаттардың сан қилы тағдырлары біздің санамызға ұялап, қайталанбауы үшін қазіргі ұрпақтарды отан сүйгіштікке баулап, жарқын болашағымызды қорғауда қырағылыққа, ерлікке әрдайым дайын болуға шақырып тұрғандай. Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл толуына орай да Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен Ұлы Отан соғысының ардагерлері, жеңіске үлес қосқан тыл еңбеккерлері және өзге де адамдар «Ұлы

Отан соғысындағы Жеңіске 80 жыл» бірыңғай мерекелік медалімен наградталатын болады.

Бағдарлама барысында ардагер ана Бақыт Жұмабекова, ардагерлер жайлы оқушылардың ғылыми жобасы бойынша Ойыл қазақ орта мектебінің мұғалімі Раушангүл Жазымова, Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінен тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Айнұр Дүйсеғалиева, Ойыл кәсіптік колледжі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Данагүл Майлыбаева батыр бабаларымыздың ерлігін ұлықтап, тарихын білу, сабақ алу – болашақ үшін жасаған ең үлкен игілікті іс болып табылатынын, әрбір ұрпақ өз аталарын ұмытпай, құрметтеп, ардақтау қажеттігіне тоқталып, өздерімен ала келген соғыс ардагерлері жөніндегі отбасылық құжаттарын сақтау үшін архивке табыстады. Аудандағы соғыс ардагерінің бірнеше ұрпағы Қобдадан келген құжаттардан өз аталарының деректерін тауып, ерекше қуанышқа бөленді. Патриоттыққа үндейтін әндермен өрілген бұл шараның көрнекіде тартымды, тағылымды өтуіне Ш.Берсиев атындағы Ойыл аудандық өнер және өлке тану музейінің қызметкерлерінің, оның жүргізушісі директордың міндетін атқарушы, аға ғылыми қызметкері Д.Исабаевтың үздіксіз ізденгендері көрініп тұрды.

Аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Болат Бақтыгереев Отан үшін от кешкен ешбір жан, ешнәрседе ұмытылмау үшін қатысушыларды олар жайлы деректерді іздеп, жинауға атсалысуға шақырды. Ауданның ардагерлері атынан танымдық шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтты.

А.АЛТЫБАЙ,
Ойыл аудандық Қоғамдық Кеңестің мүшесі, аудандық ІІБ ардагерлері бастауыш ұйымының төрағасы.

ТУЛЯРЕМИЯ ЖӘНЕ ОДАН САҚТАНУ ШАРАЛАРЫ

Туляремия ауруын қоздырушы – жәй көзге көрінбейтін өте ұсақ микроб,табиғат жағдайлары бұл микробқа түрліше әсер етеді, мысалы: күн сәулесі тікелей түссе, туляремия микробы бір сағаттың ішінде жойылады. Ал суыққа өте төзімді келеді, яғни микроб салқын суда немесе ылғалды жерде ұзақ уақыт өзінің тіршілік қасиетін жоймайды. Туляремия микробы зағалсыздандыруға қолданылатын улы дәрілердің әсеріне төзімсіз, тез арада жойылады.

Туляремия ауруының белгілері қандай?

Бұл ауруға адам жасына қарамастан шалдығады. Туляремияның қоздырғышы кісінің денесіне тері арқылы, ауыздың, көздің тыныс алу мүшелерінің шырышты қабығы арқылы еніп, сол аймақта өсіп көбейе бастайды. 3-5 күннен кейін аурудың алғашқы белгілері біліне бастайды. Адамның дене қызуы кенеттен көтеріліп 38-39 градусқа дейін жетеді, басының қатты ауруына, бұлшық еттерінің сыздап ауруына шағымданады, денесі құрысады, тамаққа тәбеті төмендейді, терлейді, ауырған адамның мойын, жұтқыншақ, қолтық немесе шап бездері қабынып, қол тигізбей ауырады.

Туляремия өте ұзаққа созылатын қауіпті індет болғанымен көп жағдайда ауырған жандар мүлдем айығып кетеді. Аурудың бір ерекшелігі - туляремия ауру адамнан сау адамға жұқпайды.

Осы аймақтардың тұрғындарына жыл сайын туляремияға қарсы жоспарлы екпе жасалып, аудан аумағы бойынша көктемде кенелердің белсенді кездерінде туляремия қоздырғыштарының айналымына бактериологиялық зерттеулер жүргізу үшін санитариялық-эпидемиологиялық сала мамандарымен, обаға қарсы күрес бөлімшесімен жыл сайын кенелер жиналып, өзен сулары, жем-шөптер зертханаға жіберіледі.

Табиғатта туляремия қоздырғышы қалай сақталады?

Кеміргіштер тобына жататын хайуанаттардың ішінде көбінесе туляремиямен ауыратындары: су тышқаны, ондатра, аламан дала тышқандары, қаптесер және қояндар. Туляремия микробының хайуанаттар арасында таралуы және оның табиғатта сақталуына негізінен жайылымдық жерде кездесетін кенелер себепкер болады. Бұл кенелер туляремиямен ауырған хайуанаттардан қан сорған кезде қан мен қоса ауру қоздырғыш

микробын бірге жұтып, оны бірнеше жылға дейін өз денесіне сол күйінде сақтайды. Бұндай кенелер адамдарды, жан-жануарды шаққан кезде туляремия ауруын жұқтырды. Бірақ аурудың табиғатта таралу жолдары жәндіктердің шағуымен ғана шектелмейді. Туляремиямен ауырған жануарлар өле-өлгенше өздерінің құмалағымен, зәрімен бірге ауру қоздырушы микробты көбейтіп шығарады да онымен қоршаған ортаны, суды, топырақты, шөпті ластайды.

Туляремиядан мерт болған жануарлардың өлекесі бұл аурудың таралуының негізгі себептерінің бірі екенін айта кеткен жөн. Себебі көптеген кеміргіштер бірінің өліктерін бірі жейді, сөйтіп олар ауруға шалдығады, суды, шөпті, топырақты, азық-түлікті ластайды.

Туляремия адамға қалай жұғады?

Туляремияның адамға жұғу жолдары әртүрлі болады. Бұл ауру әдетте ауылдық жердегі ел арасында басталады. Себебі халықтың күнделікті кәсібі мал бағу, шөп шабу, егін салу және балық аулау болғандықтан, адамдар табиғаттағы жануарлар арасында көп тараған туляремия ауруымен немесе бұл ауруды

таратушы жәндіктермен жиі кездеседі. Тышқандар өте көп болған жылдары адамдардың да туляремиямен жиі ауратыны белгілі. Туляремия ауруын таратушы жәндіктер (маса, кенелер, сона) жаз айларында өніп-өсіп көбейеді. Туляремиямен адамға бұдан басқа да жағдайларда жұғуы мүмкін, мысалы пішен шауып немесе жем-шөп тасыған кезде көтерілген шан-тозаңмен бірге аурудың микробы араласқан ауамен тыныс алғанда жұғады.

Туляремиядан қалай сақтануға болады?

Қазіргі кезде туляремиядан алдын ала сақтанудың бірден-бір шарасы – бұл ауруға қарсы вакцина алу. Алғашқы егу 7 жастан басталып, қайталану егу әрбір 5 жыл сайын өткізіліп отырады. 5 жыл өткен соң қайта екпе жасалады.

Ойыл ауданында туляремияның аса қауіпті инфекциялы табиғи ошақтары бар - Ойыл, Қайыңды, Саралжын, Ш.Берсиев атындағы ауылдық округтерінің елді мекендеріне сәуір-мамыр айында жаппай дезинфекция,дератизация жұмыстары жүргізіледі.

Дарын ТАНКИЕВ,
Ойыл обаға қарсы күрес бөлімшесінің дәрігер-бактериологы.

2025 ЖЫЛДЫҢ ІІ ТОҚСАНЫНА АРНАЛҒАН КӨПТОҒАЙ АУЫЛДЫҚ ОКРУГІ ӘКІМІНІҢ АЗАМАТТАРДЫ ҚАБЫЛДАУ КЕСТЕСІ

Мемлекеттік органның атауы	Азаматтарды қабылдауды жүргізетін адамның Т.А.Ж. лауазымы	Азаматтарды қабылдау күні мен уақыты	Мемлекеттік мекеменің орналасқан жері	Байланыс телефоны
«Көптоғай ауылдық округі әкімінің аппараты»ММ	Асылбаев Ерлан Базарбаевич, Көптоғай ауылдық округінің әкімі	Сәуір – 2,9,16,23,30 Мамыр – 7,14,21,28 Маусым – 4,11,18,25 Уақыты сағ- 10:00 ден – 12:30 ға дейін	Көптоғай селосы Мөңгілік ел көшесі №20	74-5-11

ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ 80 ЖЫЛ!

МЕН ӘКЕММЕН МАҚТАНЫП, АНАМДЫ ҚҰРМЕТ ТҰТАМЫН!

Менің әкем Каримолла Сәт-тібаев 1923 жылы 15 желтоқ-санда Ақтөбе облысы, Ойыл ауданы Саралжын ауылдық кеңесінде дүниеге келді. Оның балалық шағы ауыр жағдайда жоқшылық пен қайғы-қасірет елді жайлаған кезінде өтті. Сол жылы яғни 1941 жылы 22 маусымда Герман фашизмі бейбіт елімізге тұтқиылдан шабуыл жасады. Мектеп бітір-ген жастарға, одан әрі жұмыс болмай қалды. Совет халқы барлығы да майдан үшін, барлығы да жеңіс үшін деген ұранмен майданға аттанды. Солардың бірі болып менің әкем 1941 жылы қыркүйек айында жұмысшы шаруа семьясынан қызыл армия қа-тарына шақырылды. Әскери дайындықтан өткеннен кейін Шығыс Украина майданында шайқасқа қатысты. Соғыста 13 танк корпусының құрамын-да болды. Соғысты Шығыс Пруссия майданында аяқтап, елге аман-есен оралды. Май-данда «За боевые заслуги», «За победу Германий в Ве-ликой Отечественной вой-не 1941-1945 г» медальда-рымен наградталды. Елге оралған соң, марқұм анамыз Жансұлу Жаңбыршықызымен отбасын құрып, екеуі ұрпақ өсірді. Соғыс аяқталғаннан кейін оқуын қайта жалғасты-рып, өмірінің соңына дейін сауда саласында басшылық

қызметтерде абыройлы ең-бек етті. Көз көрген құрдаста-ры, тетелес қызметтес інілері әкем жайлы өте жақсы кейінгі ұрпақтарына шабыт беретін-дей жақсы естеліктер айта-тын. Әкеммен Украина майда-нында бірге болған Қанатбай Сарсенғалиев әкеміз бейбіт өмірге оралып, менің отбасын құрып, ұрпақ өсіргенім сенің әкеңнің арқасы деп айтып отыратын. Қанатбай әкеміздің айтуы бойынша «Немістер-ге қарсы шабуыл жасап, көп әскеріміз шығынға ұшырады, полкымыз кейін шегінді, мен жараланып соғыс даласында қалып қойдым. Сонда сенің әкең шайқаста жараланып қалған мені шайқас басылған-нан кейін 3 шақырым жерден түнде жалғыз өзі келіп ши-нелімен сүйреп санчастіге жеткізіп, маған өмір сыйлады деген еді. Мен сол үшін қары-збын құрдасыма», - деп көзіне жас алатын. Міне сол марқұм әкеміздің жолдасына жасаған жақсылығы маған 80 жылдан кейін қайта оралды. Себебі мен 2022 жылы қатты ауырып, дертімнің диагнозы дұрыс қой-ылмай, Ақтөбе қаласына ба-рып, «Өйгерім» емханасында сол Қанатбай әкеміздің неме-ресі дәрігер Жайнагүл Дани-ярқызы Сарсенғалиеваға тап болдым. Жайнагүл қарында-сым менің түрімді көріп, жана-шырлық танытып, өзінің әріп-



тестерімен ақылдаса отырып, менің дертімді анықтап, бір-ден ауруханаға салып, шұғыл операция жасатып, әрі қарай өмір сүруіме себепші болды. Міне сол әкемнің істеген жақ-сылығы алдымнан шықты сол кезде көзіне жас алып мен сенің әкеңе қарызбын деген Қанатбай әкеміздің сөзі әлі есімде... Мен сол марқұм Қа-натбай әкемізге ешқандай қарыз емессіз, менің әкемнің жақсылығын бір алпа қолдап, мені Сіздің немереңіздің ал-досы апарып, маған өмір сый-лады деп толық айта аламын! Жатқан жеріңіз жайлы, има-

ныңыз жолдас болғай. Марқұм анамыз айтып отырушы еді, адамға жақсылық жасасаң, өзіңе болмаса, шапағаты ұр-пағыңа тиеді деп... Шын пей-ілмен істеген жақсылықтың еш уақытта қайтарымсыз бол-майтына көзім жетті... Әкем 1967 жылы 44 жасында бейбіт өмірде еңбек ете жүріп, ауыр науқастан қайтыс бол-ды. Анамыз марқұм әкемізден 37 жасында 7 баламен жесір қалды. Әкеміздің аманатта-рына қиянат жасамай, қара шаңырағымызды шайқалт-пай, балаларын ешкімнен кем қылмай бәрін оқытып азамат,

азаматша қылып өз тәрбиесін берді. Мен ол кезде 5 жаста едім. Арман інім әкеміз қай-тқаннан кейін екі айдан кейін 1967 жылы сәуір айында дү-ниеге келді. Есімін Арман деп әкеміздің анасы Қүнжамал әкеміз қойды. Анамыз марқұм мені әкемнен ерте қалғасын үнемі әкемнің құрдастарын айта отырып, бірге қызметтес інілерін үнемі мақтан тұтып, өзін сыйлайтынын қамқор көмегін аямайтынын үнемі айтып отыратын. Мені сол анамның жақсы сөздері ықпал еттіме ,балалық жігеріме күш қуат беріп шабытымды оят-ты ма мен мектеп бітіргеннен кейін сауда саласына қыз-метке орналасып еңбек ете жүріп сауда саласының оқуын бітірдім. Мен сол кезде сауда саласында істеп жүріп әкемнің құрдастары Бақыт Наурыззов, Гүлбарам Жағыпарова, Мәлік Мавлюдов, Ережел Құрманға-зин, Абила Алдабергенова, тетелес іні қарындастары Ха-мит Жармұқанов. Жеңіс Жақа-сова, Бақыт Бақтыгереев, Тайжан Шаханов, Асхат Фаби-тов, Темір Ниязов сияқты аза-маттармен жұмыс жасап өмір-лік мол тәжірибе жинақтадым. Ол аға-апаларымнан әкем жайында жақсы лебіздерін естідім. Ағай өте ақкөңіл, тапсырылған жұмысқа жау-апкершілікпен қарап, адал орындайтын, өте таза, та-

лапшыл, іні-кішіге аға бола білетін кіші пейіл, адамдарды алаламайтын, достыққа адал бір сөйлейтін азамат еді де-ген сөздерін естіп өстім. Міне әкемнің сол жақсылықтары маған жақсы өмір сүруге, адал еңбек етуге, талапшыл болу-ды үйретті, сауда саласында кіші қызметкерден басшылық қызметке дейін еңбек етуіме сол әкемнің көзін көрген жақ-сы азаматтардың жақсылығы себепші болды деп ойлаймын. Иә, уақыт бір орнында тұр-майды. Кешегі сол әкелеріміз, аға-апаларымыз бұл өмірден өтіп кетті. Солардың көзір-гі таңда ұрпақтарын көрген-де, әке, аға-апаларымызды еске түсіріп, естіген жақсы әңгімелерін, бір-бірімен сый-ластықтарын айтқың келіп тұрады. Иә, өмірдің өзі уақыт-ша, мәңгі ештеме жоқ. Сол аға ұрпақтың көзін көрген бізде зейнеткер болып шыға келдік, зымырап жатқан уақыт. Әл-месе ата-бабаң қайда кетті? – демекші, Әкеңіз жақсылығы кейінгі ұрпаққа қырық жыл азық деген сөз осындай өмір-ден алынған ба деп ойлай-мын. Міне, сол сұрапыл соғы-стың біткеніне быыл 80 жыл толмақшы, әкелеріміз алып берген бейбіт заманды біздер көріп, ұрпақ өсіріп, той тойлап, рақатын көріп жатырмыз...

Қонақбай КАРИМОЛЛАҰЛЫ, Ойыл селосы.

ӘКЕМ МЕН АНАМ – ЕҢ ЖАҚСЫ АДАМ...

Жоныс Бақтыгерейұлы 1925 жылы 20 сәуірде (бұрынғы Темір уезі Ойыл болысының) кейінгі атауы Ойыл ауданының Қызылқорған ауылында ауыл аймағына белгілі Бақтыгерей мен Жаңылсынның отбасында дүниеге келген.

Тегі Ысық тайпасының Қара руынан, әкесі Бақтыгерей Қалиев Қызылқорғандағы алғашқы ауыл шаруашылығы ұжымдарын қалыптастырушылардың бірі, 1953 жылы қай-тыс болғанға дейін Қызылқорған, Жаңаталап, Бабатай және басқа да ұжымшарларда төраға-қолхоз председателі болып еңбек еткен.

Әкеміз Жоныс Бақтыгерей мен Жаңылсынның жанұясында өсіп ержеткен 5 ұлдың үлкені. Көкеміздің: «Ауыл болған іргелі Қызылқорған

Осы жерде сыңсыған қалың орман Біледі оны, біледі балалығым

Қырларында жүгіріп, ізім қалған»,

- деп кейін ақын інісі Аманғос жырға қосқандай, балалық шағы Шәйкөздің сағасы, Қызылқорған даласында өтті. Сон-дағы бастауыш мектептен, 1936-1941 жылдары Ақшатау-дағы «Қызыл мектептен» білім алып, оқыды. Ол жаратылы-сынан елгезек, әр ісіне мұқият болып ержетті.

Оның өз жұмысына беріліп, ойға алған шаруаны аяғына дей-ін жеткізгенше тыным таппайтынын, өз дегенінен қайтпай-тын қайсарлығын, бірбеткейлігін құрдастары бертінге дейін айтып жүретін.

Соғыс басталған уақытта жасы 40-тан жаңа асқанмен ауыл ағасы атанып, өмірдің сан-соқпағынан өткен Бақтыгерей қанды қырғынның ұзаққа созыларын білді ме, әлде үміт күткен үлкен ұлының артында із қалдыруды ойлады ма 18-ге жақындап қалған Жонысқа құрдасын - көрші Жақсыкөл ауылындағы Сары Ысық Әлмәнбет Ермұқанның үлкен қызы Қымбатты айттырып, оның ағасы Мұхитқа құда түседі де, 1942 жылдың аяғында екеуін үйлендіреді. Анамыз Қымбат екеуі колхоздың қамытын көппен бірге киіп, шаруашылықтың бар шаруасына бел шешпей араласады.

1943 жылдың қаңтарында Кеңес Армиясы қатарына шақы-рылған әкеміз әке-шешесін, бауырларын, желегі желбірет, жаңа ғана түскен келіншегіне қалдырып, Ұлы Отан соғысы-ның нақ ортасы, екі жақта жан алып, жан беріскен шақта аз ғана 3 айлық әскери дайындықтан кейін майданға жіберіледі. Солтүстік Батыс майданда Карел мойнағы мен Балтық жағалауындағы ұрыстарға қатысады. Өзі де аса көп ашы-ла бермейтін көкеміз қанды қырғын соғыс туралы айтуды онша ұнатпайтын. Мүмкін 18 жастан отқа оранған жастығы-ның өлім мен өмір арасындағы арпалыспен өткені жүректі сыздататын болар. Кейбір шақтарда ардагер деп ұлықтап, оқушылар ортаға алып, қолқалаған тұста, түрлі кездесу кез-дерінде ғана қарапайымдылықпен өткенді еске алушы еді.

Әскер жасына соғыста жүріп толған, екі жыл бойы Балтық жағалауын жаудан тазартуға араласып, етігімен мұзды суы мен батпағын кешкен әкеміз Жеңістен кейін міндетті әскери



қызметін атқаруға қалдырылып, 1947 жылдың аяғында елге оралады.

"Ерлігі үшін", «Германияны жеңгені үшін», «Жауынгерлік еңбек сіңіргені үшін» т.б. медалдармен наградталып, «Қы-рық жыл қырғын болса да, ажалды өледі» дегендей, екі рет жараланса да, соғыстан аман оралған ол жастайынан ең-бекпен ескенін көрсетіп, бірден елдегі шаруаға қызу арала-сып кетеді...

Соғыс зардабынан денсаулығы әлсіресе де, (3-топтағы соғыс мүгедегі) тұралап қалған шаруашылықтардың сан алуан саласындағы еңбекке белсене қатысады. Қаракөл, Құбасай, Ленин (Қараой) шаруашылықтарындағы есепші счетовод, дүкенші, сельпоның тауаршысы, ферма басқа-рушысы т.б. сияқты қызметтерді өзінің еті тірілігімен үйіріп атқарып кетеді.

Көкеміз кейінгі кеңшар кезінде де қажеттілікке қарай бірне-ше қызметтерде жасап, өзінің іскерлігін, сауаттылығын көр-сете білді.

Әсіресе ол 1963 жылы құрылып, 1971 жылы Еңбек Қызыл Ту орденімен марапатталған «Жетікөл» совхозына ерен еңбек сіңіргендер қатарында болды. Ұзақ жылдар бойы «баста-уышпен высшийді алқымдаған» Отекеңмен бірге совхоздың бүкіл құрылысына атсалысып, біліктілікпен және асқан жа-уапкершілікпен кинотеатрдан бастап самсаған тұрғын үй-лер мен әлеуметтік нысандар, шаруашылық ғимараттарын тұрғызып, кәсіпқой прораб атанды. Оның ұйымдастырушылық қабілеті, ел адамдарын былай қойғанда, жап-жас студенттер мен Қап тауынан қаптап кел-ген шешендерді де табындырып, кей жағдайларда оларда осы кісінің ақыл-кеңесіне жүгінетін.

ӨТКЕННІҢ ЕСЕБІ - БОЛАШАҚТЫҢ МІНДЕТІ

АУДАН ХАЛҚЫНЫҢ ӨЛЕУМЕТТІК ТҰРМЫСЫН АРТТЫРУҒА БАҒЫТТАЛҒАН ҮЛКЕН ШЕШІМДЕР КӨП ЖАҒДАЙДА ҚАРАПАЙЫМ ЖИЫНДАРДА, АШЫҚ ПІКІРЛЕСУДЕ ҚАБЫЛДАНАДЫ. АУДАНДЫҚ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕСТІҢ ОТЫРЫСЫ – СОНЫҢ АЙҚЫН БІР КӨРІНІСІ.



Бұл күні ауданның тыныс-тіршілігіне жанашырлықпен қарайтын азаматтар бір үстел басында бас қосып, бүгінгі күннің көкейкесті мәселелерін кеңінен талқылады. Кеңес төрағасы Марат Арыстанов басшылық еткен жиынға аудан әкімі Асқар Қазыбаев, аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин, Қоғамдық кеңес мүшелері, мекеме басшылары мен халық қалаулылары қатысты. Әркім өз саласының есебін беріп, қол жеткен жетістіктер мен шешімін таппаған түйткілдерге ашық тоқталды. Алғашқы болып сөз алған аудан басшысы Асқар Қайырғалиұлы 2024 жылғы әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерін саралап, алдағы 2025 жылға жоспарланған міндеттерге тоқталды. Қағаз бетіндегі сандар мен жоспарлардан бөлек, баяндамадан ауданның шынайы тынысы, халықтың сұранысы

мен әкімдік тарапынан жасалып жатқан нақты қадамдар көрініс тапты. Келесі кезекте аудандық мәслихат төрағасы Сәкен Займолдин мінберге көтеріліп, 2024 жыл ішінде атқарылған жұмыстар туралы есеп берді. Ел мүддесін көздеген әрбір бастама мен шешім жұртшылықтың шынайы өмірімен сабақтасып жатқанын аңғардық. «Жақсы бастама – жарты іс» дегендей, басталған жобалардың жалғасын табуына депутаттық корпус күш салып отырғаны қуантты. Жиын барысында халық денсаулығы да назардан тыс қалмады. Аудандық санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының басшысы Ғарифолла Құбаев 2024 жылы атқарылған жұмыстар жөнінде егжей-тегжейлі баяндады. Әсіресе, алдын алу шаралары мен санитарлық талаптардың сақталуы туралы ақпаратқа кеңінен тоқталды.

Кеңес отырысы – жай ғана есеп беру алаңы емес, шынайы пікір алмасу, түйінді мәселені бірлесіп шешуге ұмтылу орнына айналды. Баяндамалардан соң қойылған сұрақтар, сын-ескертпелер мен ұсыныстар – халық пен билік арасындағы байланыстың берік екенін білдірді. Қоғамдық кеңес тарапынан айтылған ұсыныстар ескерусіз қалмай, алдағы уақытта нақты іске айналады деген сенім бар. «Жерге қарап емес, елге қарап іс қыл» дейтін дана халқымыз. Қоғамдық кеңестің бұл жолғы отырысы да елге қарап, халыққа құлақ түріп отырған азаматтардың бас қосуы болды. Жүрегі «Ойыл» деп соққан жандардың ортақ ойы – туған жердің өркендеуіне адал қызмет ету. Тек осындай бірлік пен ашықтық үстемдік құрған қоғамда ғана шын мәнінде тың өзгерістер мен нақты нәтижелер болады деген сенімдеміз.

ЕРЛІКKE TAҒЗЫM – TAPIXҚA ҚҰPMET!

Туған жерге тағзым — әр азаматтың парызы. Ал тарихқа құрмет — болашаққа аманат. Осы ұстанымды берік ұстанған ойылдық жастар 14 сәуір күні аудан орталығында «Таза Қазақстан» атты экологиялық акция өткізді. Шараны Ойыл аудандық жастар ресурстық орталығы ұйымдастырып, Ұлы Жеңістің 80 жылдығына арналды. Жастардың бұл әрекеті бір күндік науқан емес, жүректен шыққан шынайы ықыластың көрінісі болды. Себебі олар тек тазалық жасап қана қоймай, өткенге тағзым етті, ескерткіштің айналасын сыпырып, қоршауын жуып, гүл шоқтарын қойып, үнсіздікпен еске алды. Ұлы Отан соғысының ардагерлеріне арналған ескерткіш маңайында жүріп, олар ерліктің ешқашан ескірмейтінін ұғынды. «Өткенге құрмет — елдіктің белгісі» деген сөз осындайда айтылса керек. Акцияға 15 аудан жасы тар-



тылып, ұйымшылдықтың үлгісін көрсетті. Жетекшілік еткен Жангүл Ізғарина әрбір жастың бастамашыл әрекетін қолдап, бағыт-бағдар беріп отырды. «Бірлігі бар ел озады» дегенді жас буын ісімен дәлелдегендей. Ауылдың әр бұрышы – тарих, әр көшесі – естелік. Ал оны таза ұстау –

саналы ұрпақтың міндеті. Ойылдық жастардың бұл бастамасы көпке үлгі. Өйткені олар сөзбен емес, іспен дәлелдеп жүр. Туған жерге қызмет ету — нағыз патриотизм. «Тазалық — тәртіптің айнасы» десек, бұл шара елге деген сүйіспеншіліктің бір көрінісі ғана.



ҒАЛЫМҒА АРНАЛҒАН ТУРНИР

ТАРИХТЫ ТҰЛҒА ЖАСАЙДЫ. АЛ ТҰЛҒАНЫҢ ҒҰМЫР ЖОЛЫ МЕН ЕЛГЕ СІҢІРГЕН ЕҢБЕГІ ҰРПАҚ САНАСЫНДА ЖАҢҒЫРЫП ОТЫРСА, ОЛ – РУХТЫҢ ТІРІ ҚАЛҒАНЫ. ОСЫНДАЙ ҰЛАҒАТТЫ ОЙДЫ ОЙЫЛ ЖЕРІНДЕ ӨТКЕН ТОҒЫЗҚҰМАЛАҚ ТУРНИРИ ТАҒЫ БІР МӨРТЕ ДӘЛЕЛДЕДІ.

Бұл жолы құрмет пен тағзым нысаны – қазақ әдебиетінің абызы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Ғылым академиясының корреспондент мүшесі Әнуар Жақсығалиұлы Дербісалин болды. Ойыл төрінде ұйымдастырылған облыстық ашық турнир – жай ғана жарыс емес, ол – рухани сабақтастықтың, ұлттық құндылықты ұлықтаудың, ой мен парасаттың бейгесі. «Ел есінде қалған ер ұмыт болмайды» дейді дана қазақ. Әнуар ағамыздың артына қалдырған мұрасы – кітап қана емес, санамызға сіңген ілім. Ал ол кісіні еске алу шарасын тоғызқұмалақпен байланыстыру – бекер таңдау емес. Себебі тоғызқұмалақ – қазақтың ойлау жүйесін, ақыл-парасатын шыңдайтын көне өнер, ұлттық зияткерлік символы. Жарысқа Ақтөбе, Қызылорда, Атырау, Батыс Қазақстан облыстары мен Әйтеке би, Темір, Мәртеке және Ойыл аудандарынан келген 2012 жылдан кейін туған жасөспірімдер мен қыздар қатысты. Ұрпақ – болашақ айнасы. Бұл турнирдің де түпкі мұраты – сол болашаққа тұнық ой, таза жүрек, терең таныммен бару. Турнирдің ашылу салтанатында аудан әкімі Асқар Қазыбаев пен облыстық тоғызқұмалақ қауымдастығының вице-президенті Бауыржан Төлегенов сөз сөйлеп, қатысушыларға сәттілік тіледі. «Шын мықты – жеңісте ғана емес, ниетте» деген сөз осы сәтке дәл келгендей. Қатысушылардың жүзінен тек бәсекеге емес, білімге, өсуге деген құлшыныс байқалды. Ойын сәттері де тартысты өтті. Қатысушылардың әр



жүрісінен дайындық пен терең ой байқалды. Тіпті кейбір партиялар үзақ уақытқа созылып, көрермендердің де, төрешілердің де назарын өзіне аударды. Әсіресе кіші топтағы жас ойыншылардың батылдығы мен шеберлігі сүйсініптей қоймады. Олар жас болса да, есептеу қабілеттерімен, қарсыластың жүрісін алдын ала болжай білуімен ерекшеленді. Ойынды сырттай бақылаған жанкүйерлер арасында да тебіреніс болды. Кейбір ата-аналар балаларының әр жүрісіне демін ішінен алып, іштей қолдау білдіріп отырды. Бұл — тек спорт емес, тәрбиенің көрінісі еді. Себебі тоғызқұмалақ ойыны тек бәсекелестік емес, сабыр мен шыдамның мектебі. Жеңіп тұрған сәтінде де асықпай, саспай, қарсыла-

сын сыйлай білген балалар – болашақтың нағыз зияткер тұлғалары. Жекеley кездесулерде бірнеше ойыншы өз шеберліктерімен көзге түсті. Бір партияда 2012 жылы туған ойыншы қарсыласын ойсырата ұтып, төрешілер мен жаттықтырушылар тарапынан алғыс пен мадаққа ие болды. Жарыс барысында спорттық тәртіп пен достық атмосфера сақталды. Ойыншылар бір-біріне құрметпен қарап, ұлттық спорттың шынайы рухын көрсетті. «Ойын – өмірдің айнасы» десек, осы турнир әр баланың ішкі мүмкіндігін ашуға себеп болды. Бұл жарысқа қатысқан әр бала – тек тоғызқұмалақ ойынын үйреніп қана қоймай, рухани, мәдени, адами тұрғыдан да өсті деуге болады.

Жеңімпаздар мен жүлдегерлер марапатталды. Бірақ шын жеңіс – қатыстың өзінде еді. Бұл – ұлт спортына деген ықылас пен құрметтің, рухани сабақтастықтың жеңісі. Ұйымдастырушылар тарапынан қатысушылар мен жаттықтырушыларға алғыс айтылып, осындай тағылымды шаралардың алдағы уақытта да жалғасатыны мәлім болды. «Асыл адам өлмейді, артында ізі қалады» дейді халық. Әнуар Жақсығалиұлының рухына бағышталған бұл турнир – соның бір айғағы. Кім біледі, бәлкім осы алаңда алғашқы жеңісін тойлаған бала – ертеңгі ел чемпионы болар. Ал мұның бастауы – Ойылда өткен, рухты ту еткен бір жарыс еді. Ұлттың ұлы мұрасын дәріптеп, жас буынды оятатын осындай шаралар көбейе бергей!

ӨТКЕННІҢ ҰЛЫҚТАҒАН ЕЛ МӘҢГІ!



Киіз үйдің іші жып-жылы. Төрге тігілген текемет, қабырғаға ілінген көстелі орамал, шаңырақтан түскен жарықпен шағылысқан өрнекті бұйымдар – бәрі де бір сәтке жүректі елжіретіп, жан дүниенді тербетіп өтеді. Бұл кеш – жай ғана көрме емес, бұл – қазақтың жанымен тілдескен руханияттың кәусар бұлағы. Қолөнер – көнеден жеткен аманат. «Ата көрген оқ жонар» деп бекер айтылмаған. Бір кезде киіз басып, жүн иіріп, тұс киіз тіккен аналарымыз бүгінгі күнде де сол өнерді өшірмей, өрнектеп келеді. Тоқыманы жанына серік еткен әжелердің қолындағы шұбар кестелі, көз майын тауысып жасалған көрпешелері – әр жіпке тарихты тоқығандай. Осы кештің өн бойында аналық мейірім мен ұлттық болмыстың иісі аңқып тұрды. Әсіресе, «Замандас» аналар клубы мен «Қазақ аналары – дәстүрге жол» қоғамдық бірлестігінің Ойыл аудандық филиалының аналары — кештің шынайы жүрегіне айналды. Олар тек өнер туындыларымен ғана емес, салмақты сөздерімен, тәрбиелік мәні терең тәжірибелерімен рухани кештің көркін аша түсті. Осындай аналар барда –

дәстүріміздің де, ұрпақ тәрбиесінің де іргесі мықты болмақ. Қазақтың өнері – тамырын тереңнен тартқан шежіре. Домбыра үнімен өрілген балада кеш бойы ескі мен жаңаны тоғыстырғандай, саз бен сөздің үндестігіне ұласты. «Домбыра – қазақтың жаны» деген сөз рас қой. Өнер мен руханиятты қатар ұлықтаған осы бір кеш – өскелең ұрпаққа сабақты сәт, тәлімді тағылым болары анық. «Кесте тіккеннің де, киіз басқаның да, шебердің де қолы алтын» деп бекер айтылмаған. Айнұр Максотқызының шеберлік сабағы – соның айғағы. Жаңа заман үлгісін киізбен қиыстырып, сен әлеміңе қазақы бояу дарытқан жастар – бұл ұлт өнерінің өлмегенінің белгісі. Киіз туырлықты қазақпыз. Шаңырақтың иесі, қара шаңырақтың мұрагеріміз. Бұл кеш – тек өнер мерекесі ғана емес, бұл – ұлттың рухани жаңғыруына бағытталған ақ тілек, адал мұрат. Шебердің қолы ортақ, өнердің тілі ортақ. Бір кештің аясында сан салалы шеберлік пен тұңғиық руханият түйіскенде, біз кім екенімізді ұғынамыз. Жаңғыру – өткенін ұмытпау деген. Өткенін ұлықтаған ел – мәңгі ел.